

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Жүйелілік қағидасы бойынша: цифрлық білім ресурстары мен оқу процесінің белгілі бір құрылымдық құрамдас бөлігіне сәйкестігі: құлшыныстық-мақсаттық; мағыналы мазмұндық; операциялық іс әрекеттік немесе бағалаушылық нәтижелік.

Саналылық қағидасы мен интерактивтік бойынша: пайдаланушылар үшін оқу міндеттерінің айқын қойылымы; оқушылар мүддесіне тірек және ілім түрткілерін қалыптастыру; оқушылардың белсенді ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыру; шынайы уақыт режимінде өзара әрекеттестікті және кері байланыстарды ұйымдастыру.

Теорияның практикамен байланыс қағидасы бойынша: оқу материалының практикалық бағдарланғыштығы; цифрлық білім ресурстарының қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы.

Сондықтан, цифрлық білім ресурсы оқытушыны алмастыра алмайды, бірақ қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, болашақ мамандардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда олардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы. 2011 жыл.
2. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики: -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Академический проект, 2001. -12 с.
3. Караваев Н.Л. Совершенствование методологии геймификации учебного процесса в цифровой образовательной среде.-Киров:Вятский государственный университет, 2019.-105 с.
4. Илалтдинова Е.Ю., Беляева Т.К., Лебедева И.В. Цифровая педагогика: особенности эволюции термина в категориально-понятийном аппарате педагогики // Перспективы науки и образования. 2019. № 4 (40). -С.33-43.
5. Ниязова Г.Ж. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында оқыту әдістемесінің өзгеруі//Молодой ученый. -2022. -№10 (405). -С.212-214.
6. Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану// Молодой ученый. -2020. -№ 14 (304). - С. 292-295.
7. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz).

ӘОЖ 373.2

МЕКТЕПАЛДЫ ТОП БАЛАЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘНІ

Жандарбек Қымбат Бекжанқызы

kymbat.zhandarbek@mail.ru

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2- курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – п.ғ.д., профессор С.Н.Жиенбаева

Балдырғандарға адамгершілік тәрбие беру – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының маңызды міндеті. Бұл заңды да, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының

рөлі барған сайын артып, моральдық фактордың аясы кеңейіп, қазіргі тәрбие тұлға құндылығына қайта оралуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бөлімінде балаларды қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру т.б. міндеттерінің атап көрсетілуі біз көтергелі отырған мәселенің өзектілігін нақтылай түспек.

Адамгершілік тәрбие дегеніміз-адамның моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеті – мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Адамгершілік сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады. Рухани-адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, тәрбиеші істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілікке тәрбиелеуде мектепке дейінгі кезеңнің атқаратын ролі зор, тиімділігі де айтарлықтай. Бұл кезде баланың қарапайым адамгершілік сезімдері тез, қауырт дамиды, адамгершілік қасиеттер жөніндегі алғашқы ұғымдары қалыптасып, өзіндік мінез-құлықтары көріне бастайды, күнделікті өмірден үлкендердің еңбегі туралы кейбір түсініктерді алады. Бұлар баланың санасында із қалдырып, өзі атқаратын іс-әрекет түрлерін білуге, үлкендерді сыйлауға, бағалауға, еңбекке дұрыс көзқарас қалыптастыруға мүмкіндіктер тудырады.

Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы адамгершілік сезімдері мен ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынастарында көзге түседі.

Балалардың мінез-құлқы мен тәртібін тәрбиелеу үшін бағдарламалық тәрбие міндеттеріне, олардың күші мен мүмкіндігімен сәйкестендірілген қолайлы жағдай тудыруға назар аудару қажет. Балабақшадағы заттарды пайдалану мен оларды күтіп ұстаудың, сақтаудың берік тәртібі, өзін қоршаған ортаның ұйымдастырылған өмір ағымы, айналадағы заттардың реттілігі болуы керек. Балабақшадағы ұйымшылдық, реттілік, тәртіптілік оларды жақсы дағдыларға тез қалыптастырады. Себебі, балалардың тәртібіне педагогикалық әсер ету ғана емес, өзін қоршаған ортаның жинақылығы, балабақшадағы жұмыстың дұрыс жолға қойылуы да тиімді әсер етеді. Баланың тәртібіне белгілі талаптар қою олардың орындалуын бақылаумен ұштасады. Бақылаудың әлсіреуі балаға тәртіп бұздырады. Талап пен бақылау тәрбиешінің берген бағасы арқылы бекітіледі, ол балалардың іс-әрекетінің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін тануға, тәртіп ережелерін игеруге мүмкіндік жасайды.

Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.

Адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыру мазмұнында баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, әсіресе олардың үлкендерді сыйлау сезімін тәрбиелеу-сәбилік шақтан басталады. Үлкендерді сыйлау- асқаралы да асыл сезім. Үлкендердің беделін мойындау, тыңдау, көңіл бөлу, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, бұл сезімнің көрініс табуы- жақсы тәрбиенің белгісі. Осыған сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттерін бөліп көрсетейік:

1) балалардың отбасына, жақындарына, құрбы-құрдастарына, жалпы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу;

2) адамгершілік ережелеріне сай балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру;

3) балалардың адамгершілік түсініктері мен қасиеттерін тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесінің маңызды заңдылығы балаларды ұжымда тәрбиелеу заңдылығы. Ұжым – бұл баланың жеке басын қоғамдық бағытта қалыптастыру мектебі. Мұнда оның жеке қасиеті, қабілеттілігі және адамгершілік сапалары неғұрлым айқын көрінеді. Адамның адамгершілік тазалығы ең алдымен оның әрекетінде көрініс табады. Ұжымда бала өзінің білімін, айналадағы дүниеге, іс-әрекетке көзқарасын: көмек көрсетуге, нәтиже шығаруға, құрбыларына қамқорлық жасауға, рахымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек етуге ұмтылуын көрсете алады. Ұжымда тәрбиелеу заңдылығы тәрбиешілерді әр баланың мінез-құлқына ізгі ықпал жасауы үшін балаларды бірлесіп қызмет жүргізудің алуан түрлеріне біріктіруді міндеттейді. Бұл заңдылықты іс жүзінде қолдану тәрбиешінің мейірімділікті балалардың жеке ерекшеліктерін, адамгершілік тәжірибесін, дамуы мен мүмкіншіліктерін ескере отырып талап қоя білумен ұштастыра білуінен көрінеді. Мұның өзі олардың ұсыныстарын, идеялары мен ұмтылыстарын басып тастамай, адамгершілік мінез-құлықтың, тәртіптіліктің негізін қалыптастыруға, топта орнатылған тәртіпті құрметтеуге мүмкіндік береді.

Адамгершілік тәрбиенің мазмұны мен әдістерін жасаудың алдында әуелі ескеру қажет мәселелер бар. Біздің отандық мектепалды педагогикада бақытты баланы тәрбиелеу мақсаты қойылмаған. Мүмкін жас тәрбиешіге ол туралы ойлану керек шығар? Америкалық педагогикада – «Бақытты тұлғаны тәрбиелеу» қағидаты бар. Адам өмірге келгеніне, өмір сүріп жатқанына бақытты болу керек. Ал отандық концепция: баланы тәрбиелеуде, біз оған арналған келешекті өзіміз құрастырып береміз: үлкендерді тыңдасан, жақсы оқысан және т.б. міндеттерді орындасан «бақытты адам» боласын деген сияқты шарттарды алға тартамыз. Ал американдықтар керісінше: «сен бақытты адам болып тудың, сондықтан жақсы оқи аласың, көңілді өмір сүре аласың, сенде барлығы болады, сенің қолыңнан келеді» тәрбиелейді.

Өзін бақытты сезіну үшін, балада қандай адамгершілік қасиеттер болуы қажет. Педагогикалық әсер ету арқылы бақытты тұлғаны қалыптастыруға болады ма? Бақытты бала бейнесін құрастыратын көптеген қасиеттерді белгілеуге болады. Бақытты бала өзіне сенімді, ол ересектермен және балалармен тез, ашық және сенімді қарым-қатынас орната алады. Ол оптимист, барлығын қуана қабылдайды, ол білімқұмар және т.б. Егер ата-аналар мен педагогтар баланың жеке басына құрметпен қарап және өзінің орнын, маңыздылығын үйретсе, мұндай баланы тәрбиелеуге болады.

Ұлы Абайдың он тоғызыншы қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» -деп ақыл-естің, тәрбиенің жемісі арқылы қалыптасатынын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп береді.

Қорыта келе, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу – оларды жоғарыда айтылған мінез – құлық мәдениетін, тәртібін, адамгершілік сезімі мен санасын белгілі бір нысанаға бағыттап жетілдіру. Адамгершілік тәрбиесі адамның барлық іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына және мінез – құлқына дұрыс бағыт береді және жол сілтейді. Адамгершілік мінез-құлқы дұрыс қалыптасқан тұлға өзгеге қамқорлық жасауға дайын тұрады. Шындығына келгенде, адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Себебі, қазіргі заманда қоғам мен мемлекет өзін таныған, түсінігі мол, ұлтын сүйетін, ұлтжанды, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан, табиғи мықты, жалпыадамдық және ұлттық әдет – ғұрпын іске асыра білетін, рухани жағынан жетілген жан – жақты адамды тәрбиелеп, кәметке жеткізуге міндетті. Осы бағытта жүргізілген әр жұмысымызды ұлттық құндылықтар негізінде өткізудің нәтижесінде келешекте қазіргі заманға сай «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерлі, өнегелі, сұлу да батыр, мәдениетті, адамгершілік қасиеті жоғары, ұлтжанды намысқой азамат тәрбиелеп шығатынымызға сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы
2. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 1992.
3. Нысанбаева Ә. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, 1994.
4. С.А. Козлова, Т.А. Куликова. Мектепке дейінгі педагогика: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы /— М. : «Академия» баспа орталығы, 2015.
5. Әрінова Б.А. Ұлы дала ойшылдары еңбектерінің студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны. // Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2019.

ОӘЖ178.11.51

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Жапекова М.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ – студенті, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Ғылыми жетекші: К.Т Атемова

Педагогикалық тұрғыда мектеп оқушыларының тұлғалық дамуы және тәрбиесі үшін ең қиын кезең - жасөспірімдік шақ болып есептеледі. Жасөспірімдік шақ-бұл физикалық және эмоционалдық жағынан көптеген өзгерістердің уақыты. Жасөспірімдік шақта оқушылардың оқу үлгерімі төмендеуі, тәртіптің нашарлауы байқалады сонымен қатар жанындағы адамдармен қарым - қатынасының бұзылуы және эмоциялық тұрғыда көңіл-күйінің жиі құбылуы осы шақта көрініс табады. Жасөспірімдердің мінез- құлқындағы өзгерістер осы жастағы соматикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне негізделген. Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, И.С. Кон, А.В. Петров сияқты психологтардың зерттеулері жасөспірімнің психикасында болып жатқан өзгерістерге байланысты жасөспірімдік кезеңнің қиындығын растайды, сондықтан жасөспірім әрқашан ересектердің ықпалында бола бермейді. Бұл кезеңнің қиындықтары өтпелі, қиын, сыни кезең атауларынан көрінеді. Жасөспірімдік кезең – өтпелі кезең, ең алдымен биологиялық тұрғыдан алғанда мектеп оқушылары көптеген